



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

17.02.2023 ж.

№ 22, 6-т.

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі
және мәслихаттар депутаттарының 2023 жылғы
кезектен тыс сайлауына Қазақстандық оқу-ағарту,
ғылым және жоғары білім қызметкерлері
салалық кәсіподағының қатысуы туралы**

«Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ Жарғысының 2.5.8 және 11.7.2 тармағына сәйкес Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі және мәслихаттар депутаттарының кезектен тыс сайлауына Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының қатысуы туралы Кәсіподақ төрағасы А. Мұқашеваның ақпараты назарға алынсын.

2. Мүшелік ұйымдардың уәкілетті органдарына Қазақстан Республикасының Парламентінде және жергілікті өкілді органдарда жұмысшылардың мүдделерін білдіру, кәсіподақ қозғалысын дамыту мақсатында ұсынылсын:

- Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясының сайлауға қатысу туралы Үндеуін бастауыш кәсіподақ ұйымдарына танысу үшін жіберу;

- Қазақстан Республикасының сайлау туралы заңнамасына сәйкес кәсіподақ кандидаттарын ұсыну арқылы Парламент Мәжілісі мен мәслихаттар депутаттарын сайлауға қатысу.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау кәсіподақ төрағасының орынбасары В. Ф. Беженаровқа жүктелсін.

Төраға

А. Мұқашева